

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Басқару институты

қолжазба құқығында

Едигеев Осер Жаксылыкович

**КЕҢ ТАРАЛҒАН ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАРДЫ ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІ,
БАРЛАУДЫ ЖӘНЕ ӨНДІРУДІ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ**

«7M041 Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша
«7M04105 – Мемлекеттік саясат» білім беру бағдарламасы

Бизнес және басқару магистрі дәрежесін иелену үшін магистрлік жоба
«7M04105 – Мемлекеттік саясат» білім беру бағдарламасы бойынша

Ғылыми жетекші _____ Укибаева Г.К., э.ғ.к. PhD.
(қолы)

Жоба қорғауға жіберілді: «_____» _____ 2023 ж.

Басқару институтының директоры _____ Гаипов З.С. с.ғ.д.
(қолы)

Астана, 2023

МАЗМҰНЫ

| | |
|--|-----------|
| НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР..... | 3 |
| БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР | 5 |
| КІРІСПЕ..... | 7 |
| НЕГІЗГІ БӨЛІМ..... | 15 |
| ҚОРЫТЫНДЫ..... | 36 |
| ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ..... | 39 |

Нормативтік сілтемелер

Осы магистрлік жобада келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы N 442 Жер Кодексі.

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі.

Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Кәсіпкерлік Кодексі.

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 125-VI «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Кодексі».

«Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және (немесе) лицензиялар шарттарының сақталуына бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 24 мамырдағы № 375 бұйрығы.

«Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитеті мемлекеттік мекемесінің аумақтық органдарының ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитеті Төрағасының 2019 жылғы 12 тамыздағы № 68-НҚ бұйрығы.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39/НҚ бұйрығы.

Белгілеулер мен қысқартулар

| | |
|-------------------------|--|
| ҚР | – Қазақста Республикасы |
| АҚ | – Акционерлік қоғам |
| ЖІӨ | – Жалпы ішкі өнім |
| ММ | – Мемлекеттік мекеме |
| НӨК | – Негізгі өнімділік көрсеткіштері |
| ЛКМ | – Лицензиялық (келісімшарттық) міндеттемелер |
| «Батысқазжерқойнауы» ӨД | – «Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылдық даму министрлігі Геология комитетінің «Батысқазжерқойнауы» Батыс Қазақстан өңіраралық геология департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі |
| ЖАО | – Жергілікті атқарушы орган |
| НҚА | – Нормативтік құқықтық актілер |
| КТПҚ | – Кең таралған пайдалы қазбалар |
| ТШИ | – Тікелей шетелдік инвестициялар |
| РММ | – Республикалық мемлекеттік мекеме |
| КСРО | – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы |
| ҚПҚ | – Қатты пайдалы қазбалар |
| МО ЖҚБ | – Маңғыстау облысының жер қатынастары басқармасы |
| ЖҚПБ | – Жер қойнауын пайдалану бөлімі |
| ЖҚП | – Жер қойнауын пайдаланушылар |
| ЖЕТШ | – Жыл сайынғы ең төмен шығыстар |
| ӨБК | – Өнімді бөлу туралы келісімдер |
| ТТК | – Тәуекелдер туралы келісімдер |
| ЖҚ және ЖҚП | – Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы кодексі |

Кіріспе

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. 2023 жылғы жағдай бойынша Маңғыстау облысында 192 келісімшарт және 79 лицензия, сондай-ақ өңірде жер қойнауын пайдалану құқығын барлығы 271. Бұл сан елдегі саны шағынан көп болып табылатын облыстар қатарына жатады, ол өзіне ерекше назар аударады [1]. Қызметкерлер саны - 11 [2].

Зерттеу жобасында экологиялық аспект маңызды рөл атқарады. Осылайша, экологиялық қауіпсіздік - бұл Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің стратегиялық және іргелі құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады, ол өз кезегінде экологиялық тепе - теңдіктің орнықтылық деңгейімен, қоғамның ЖҚП-дың жер қойнауын шамадан тыс және абайсызда пайдалануының және олардың қоршаған ортаға әсерінің салдарларынан қорғалуымен айқындалады [3].

Сонымен қатар, «Қазақстан 2050» Стратегиясының төртінші бағытында мына жағдайлар көрсетілген:

- шикізатты қарапайым жеткізуден энергия ресурстарын өңдеу және жаңа технологиялармен алмасу саласындағы ынтымақтастыққа көшу.

- инвесторларды біздің елімізге ең заманауи өндіру және қайта өңдеу технологияларын жеткізу шарттарымен ғана тарту. Біз инвесторларға біздің еліміздің аумағында жаңа өндірістер құру үшін ғана шикізатымызды өндіруге және пайдалануға рұқсат беруіміз керек.

- барлық өндіруші кәсіпорындар тек экологиялық зиянсыз өндірістерді енгізуі керек [4].

Сонымен қатар, облыстың жүйелі проблемаларында айта кеткен жөн, мысал ретінде:

- ресурстық әлеуеттің жеткіліксіз іске асырылуы, минералдық-шикізат базасының нашар дамуы;

- облыстың ЖӨӨ-дегі өңдеуші өнеркәсіп үлесінің төмендігі, «қарапайым заттар экономикасының» нашар дамуы;

- экологиялық жағдай («Қошқар-Ата» химиялық өндіріс қалдықтары қоймасы, аймақта 320 мың адам тұрады);

- облыстың логистикалық әлеуетінің жеткіліксіз іске асырылуы (халықаралық көлік дәліздері, жүк тиелген теңіз порттары).

Жалпы жер қойнауын игеру, елімізге орасан көп пайдасымен қатар шешімін шұғыл табу қажет мәселелердің бар екенін көрсетіп отыр.

Осы ретте, жер қойнауын пайдалануға арналған лицензиялауды, келісімшарттарды жасасумен орындауға байланысты мәселелер тізбесін көптеп келтіруге болады. Дегенмен, бұл жұмыста ел өнеркәсібінің осы маңызды саласындағы құқықтық қатынастарға қатысушылар тарапынан екіұшты баға тудыратын ең өзекті проблемаларды көрсету мақсат болды. Жер қойнауын игеру саласындағы дұрыс құқықтық тәртіп және осы қатынастардың барлық қатысушылары мүдделерінің теңгерімі осы міндеттерді дұрыс шешуге байланысты және бұл қолданыстағы заңнаманы жетілдіру және бірыңғай құқық

қолдану тәжірибесін дамыту арқылы ғана мүмкін болады.

Жобаның мақсаты. Маңғыстау ауданы бойынша құрылыс тас (щебень) өндіру бойынша шанды басуды енгізу.

Жер қойнауын пайдаланушылардың қолданыстағы бақылау мен мониторинг жүйесіндегі проблемаларды анықтау.

Осы мақсат аясында жобаның негізгі міндеттері:

Маңғыстау ауданы бойынша құрылыс тас (щебень) өндіру бойынша келісімшарттардағы ақаулар мен олқылықтарды анықтау.

- КТПҚ жер қойнауын пайдалануға қатысты қолданыстағы бақылау мен мониторинг жүйесін зерттеу;

- Маңғыстау облысының жер қойнауын пайдалану механизміне талдау жасау;

- КТПҚ жер қойнауын пайдалануын бақылау және мониторинг жүйесін жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар енгізу.

Зерттеу объектісі. Маңғыстау облысы бойынша КТПҚ геологиялық зерттеудің, барлаудың және өндірудің объектілері.

Зерттеу пәні. Маңғыстау облысы бойынша құрылыс тас (щебень) өндіру барысында шанды басу.

Күтілетін нәтижелер. Маңғыстау облысы бойынша құрылыс тас (щебень) өндіру кезіндегі, карьер маңындағы елдімекен тұрғындарының наразылық көңіл-күйін төмендету, жер қойнауын пайдалануды реттейтін НҚА аударылымындарын бірдейлендіру.

Практикалық маңыздылығы. Зерттеу қорытындысы бойынша жер қойнауын пайдалануды реттейтін НҚА жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар енгізуге мүмкіндік беріледі.

Ресми жарияланым. Зерттеу тақырыбы аясында, «Кең таралған пайдалы қазбаларды геологиялық зерттеуді, барлауды және өндіруді мемлекеттік реттеу жай-күйіне шолу» тақырыбында бір ғылыми мақала жарияланды.

Ғылыми мақаланың көлемі 4 баспа бетте.

Мақала академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің 2022 жылдың 14 қазанында болған «Цифрлық және инклюзивті даму экономикасындағы басқарудың жаңа парадигмасы» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының негізінде жарық көрген журналдың жинағында жарияланған, ғылыми мақаланың көлемі 0,25 баспа табақты құрайды.

Әдебиетке шолу

Таңдалған тақырып мәселесінің егжей-тегжейлі тұжырымдамасы мен мәні үшін, зерттеуді талдау жобаның міндеттері аясында қарастырылды.

Сонымен қатар, жер қойнауын пайдалану туралы іргелі ұғымдарды ашу қажет. Отандық және шетелдік авторлардың зерттеу материалдары ОПИ жер қойнауын пайдаланушылардың бақылау және мониторинг жүйесін жетілдіру мәселелерін зерделеудің негізгі базасына айналды. Бүгінгі таңда жер қойнауын пайдаланушыларды бақылау мен бақылаудың дамыған жүйесі Австралия, Чили, Колумбия, Индонезия, Моңғолия, Перу, Ботсвана және Мексика сияқты елдерде байқалады. Бұл қорытынды "natural resource Governance institute" жер қойнауын пайдалану қызметін жариялайтын ресми және беделді сайт негізінде жасалды <https://www.resourcegovernance.org> [5].

Е.И. Панфилов пен М.В. Дудиковтың «Жер қойнауын пайдалануды реттеу – тау-кен қатынастарын құқықтық реттеудің шетелдік тәжірибесі туралы» ғылыми мақаласында тау-кен өндірісінің ерекшеліктерін, оның ішінде географиялық, тау-кен-геологиялық, экологиялық-әлеуметтік және басқа жағдайларды ескеретін жер қойнауын пайдаланудың құқықтық өрісі кеңінен сипатталған. Осылайша, роман - германдық (континенттік) құқықтық жүйе мен англо-саксондық (жалпы) қатынастарды мемлекеттік реттеудің ұқсастықтарымен айырмашылығы мынада: континенттік жүйеде үкімет тау-кен құқығын беретін тәуелсіз түрде әрекет етеді және бұл көбінесе әкімшілік жолмен жүреді. [10]. Англо-саксондық (жалпы) құқық жүйесінде мемлекет жер қойнауы ресурстарын, әдетте, шарт бойынша пайдалану құқығын бере отырып, тең құқылы тарап ретінде әрекет етуді жөн көреді. Сонымен бірге мемлекет өзінің табиғи ресурстарының иесі ретінде әрекет етеді. Сол позициялардан мемлекет стратегиялық маңызды ресурстарға қол жеткізуді шектейді, пайдалы қазбаларды және қоғамдық мүддені білдіретін өзге де георесурстарды айқындайды [10].

Әр түрлі елдердегі заңнамалық құқықтың алуан түрлілігіне қарамастан, тау-кен өндірісін реттеуге мемлекеттік араласудың негізгі ережелері тау-кен өнеркәсібін дамыту үшін қолайлы экономикалық климат құру және қоршаған ортаға келтірілген залалды барынша азайту болып табылады [10].

Сонымен қатар, мақалада шет елдердегі жер қойнауына меншік мәселесі ашылады және авторлар оны шартты түрде 1-кестеде көрсетілген үш негізгі топқа бөледі:

Кесте 1 – Шет елдердегі жер қойнауына меншік нысаны

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|--|
| Минералды ресурстарға мемлекеттік меншік заңмен танылған және бекітілген елдер (оңтүстік америка және Кариб бассейні елдеріне | Мемлекеттің меншігі, оның жер қойнауы, тек мемлекеттің (федералды немесе оның субъектісінің) меншігіндегі жер | Ұлыбритания және АҚШ кейбір штаттарында мемлекеттік меншікпен бірге жерге жеке меншік құқығын табыстау мүмкіндігі бар, |

1-кестенің жалғасы

| | | |
|--|---|--|
| <p>тән). Бұл талап минералды ресурстарға мемлекеттік меншіктің қазақстандық нысанына сәйкес келеді [11].</p> | <p>учаскелеріне қолданылады. Пайдалы қазбалардың жер қойнауы учаскелеріне (кенорындарына) жеке құқықтар беріледі, бірақ кез келген жер учаскесінде арнайы субъектілерге (Франция, Германия, Жапония және т.б.) жер қойнауын барлауға және пайдалануға рұқсат беруге тек мемлекеттік органдар ғана құқылы.) [11].</p> <p>Осыған байланысты ғылыми әдебиеттерге мұндай жердің құқықтық режиміне байланысты «жоғары шартты меншік» ұғымы енгізіледі, яғни, ең алдымен, ол негізгі әлеуметтік субъектінің меншігінде және пайдалануында болады [12].</p> <p>Занды түрде меншік иесі жер қойнауына құқықты басқаруға құқылы, ал егер бұл құқық берілсе, барлық ауыртпалықтар жаңа меншік иесіне өтеді. Бұл модель қоғамдық мүдделерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мысалы, жеручаскелеріне иелік ету жер қойнауын иеленуді де қамтитын Францияда жер қойнауына құқықтар «тау-кен өнеркәсібінің дамуына, геологиялық ізденістерге және минералды шикізатты өндіруге деген қызығушылықтың артуына байланысты айтарлықтай шектеулі» [11].</p> | <p>бұл өз кезегінде учаскенің астындағы табылған пайдалы қазбаларғада меншік құқығының бар екенін білдіреді [11].</p> <p>Дегенменен, пайдалы қазбаларды өндіру, әрине тиісті құзырлы органдардың келісімімен, яғни рұқсат құжаттарымен ресімделгеннен кейін жүргізіледі. Мысалы, Ұлыбританияда пайдалы қазбаларды, оның ішінде жер учаскесінің иесін өндіруге мемлекеттік органдардың лицензиясы негізінде ғана рұқсат етіледі [11].</p> <p>Бұл ретте көріп отырғандай, қоғам мүддесі де қамтамасыз етіледі, себебі жер қойнауы учаскесін пайдалануға рұқсат беру туралы шешімді тиісті құзырлы орган, яғни, мемлекеттік реттейді.</p> |
| <p>Ескертпе – автормен [11] дереккөз негізінде құрастырылған</p> | | |

Жер қойнауына құқық алу. Қазіргі кезде негізінен тау – кен құқығын алудың тұрақты түрде 2 моделін айтуға болады. Олардың – рұқсат болса екіншісі - келісімшарт. Жалпы үкімет – ЖҚП мемлекеттік лицензиялар, патенттер, іздестіру рұқсаттары және басқа құжаттар бойынша лицензиялау береді.

Келісімшарттық жүйеге ӨБК, ТТК, концессиялық келісімдер кіруі мүмкін [13].

«Жер қойнауын пайдалану – Қазақстан Республикасы экономикасының негізі» атты XV халықаралық құқықтық конференцияда корпорацияның Еуразиялық бөлімшесінің басқарушы кеңесшісі Шеврон, профессор Ж.С. Елубаевтың сөзінде тәуелсіздік алғаннан кейін жер қойнауын пайдалануды басқару тетігі туралы айтылды.

Осылайша, КСРО билігі кезінен бастап өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарына дейін жер қойнауын пайдалану саласы тарихи түрде одақтық деңгейдегі үкіметтің қолында шоғырланған. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасында стратегиялық бағыттар қайта қаралып, басқарудың жаңа экономикалық және саяси курстары қабылданды, жер қойнауын пайдаланудағы жаңалықтардың бірі жер қойнауын пайдалану объектілерін мемлекеттің қатысу үлесі бар жеке компаниялардың басшылығына беру болды. Осыдан кейін үкіметтің ресми серіктестерінің жер қойнауын пайдалану объектілерінде, шетелдік және ұлттық шаруашылық ұйымдары атынан әкімшілік-шаруашылық еркіндігін қабылдауы басталды, олар өз кезегінде пайда табуға және өз активтерін кеңейтуге мүмкіндік берді. Осыған қарамастан, бұл нысандарда мемлекеттің меншігі сақталды. Өз кезегінде мемлекет жер қойнауын пайдаланушылардың лицензиялық келісімшарттық міндеттемелерді орындауын реттеуші және бақылау функцияларынан кем түспеді [14].

Жалпы, елдегі жер қойнауын пайдалануды құқықтық реттеудің тұжырымдамалық мәселелерінің бірі «жерқойнауы» мен «жеручаскесі» ұғымдарының арақатынасы болып табылады. Негізінен, жер құқығы мен жер қойнауын пайдалану құқығы арасындағы байланысты анықтау осы мәселенің дұрыс шешілуіне және жер қойнауын пайдалануға келісімшарт жасаспай жерасты құрылыстарын салу кезінде туындайтын қатынастардың заңды негіздемесіне байланысты.

Жер учаскесі – (ҚР Жер кодексінің 21-бабының 12-тармағы), ал жерқойнауы жер (ҚР ЖҚ және ЖҚП кодексінің 10 – бабының 1-бөлігі) болып танылады.

ҚР-да және ТМД-ның басқа елдерінде қолданылатын жер телімі түсінігінен айырмашылығы, алдыңғы қатар еуропа елдерінің (Швейцария, Германия, және т.б.) заңнамасына негізделген тәсілге сәйкес, жер телімі конустық пішіні бар, жердің ортасына қарай бір нүктеге дейін тарылып, қарама-қарсы бағытта кеңейетін кеңістік бөлігі [21].

Қазақстанда «жер учаскесі» және «жер қойнауы» («жер қойнауы учаскесі») ұғымдарын ажарату қажеттілігі жер үстінемесе жерасты құрылыстарын салу үшін өзіне тиесілі меншік немесе жер игерудегі жер учаскелерін пайдалану процесінде туындайды. Ғимараттардың (құрылыстардың) күрделі түрлерінің құрылысы іргетастың құрылысымен орналасуы кезінде жер бетіне енуді қамтиды. Кейбір көпжылдық өсімдіктерді отырғызуда жерге терең енеді. Жер асты құрылыстарын (ғимараттар, құрылыстар) салу (әр түрлі коммуникациялық желілер және т.б.); бұл тұрғыда ол жиі кездеседі. Осы жағдайлардың барлығында бұл жер қыртысының бір бөлігін топырақ қабатының астында, яғни жерастында пайдалану кезінде пайда болады. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, жер

беті қай жерде аяқталып, жер қойнауы басталады, Заңның мақсаты және оның мазмұны туралы сұраққа жауап беру керек.

Кеңес заманында меншікке байланысты ұғымдардың спецификалық негіздерінің болуына байланысты жер қойнауына атап айтқанда пайдалы қазбалар иелік ету үкіметте ғана болады деген пікір болған [22].

Бұл тұрғыда, белгілі ғалым Н.А. Сыродоев белгілі бір иммараттарды салу және орналастыру үшін жер қойнауына пайдалану жер асты объектілерін пайдалану деп тану қажет деген ұйғарымға келді [23]. «Жер қойнауы» терминін пайдалы қазбалар бойынша ғана емес, Л.А. Заславская жер қойнауын пайдалану құқығының функцияларын кең қарауды, бұл жер қойнауы, жер сияқты, екі жақты рөл атқарады: өндіріс құралы және кеңістіктік операциялық негіз ретінде түсінуді ұсынды [24]. «Жер қойнауы» ұғымына «геометриялық» көзқарас басқа авторларға да тән. Мысал ретінде, Б.В. Ерофеев, жер қойнауын «геометриялық кеңістік» және оның жер бетіндегі орналасқан барлық табиғи ресурстарды кіреді деген ұйғарымға келеді [25].

«Жер қойнауы» ұғымын және жер асты пайдалану функцияларын кеңейтуге деген мұндай көзқарас отандық заң тақырыбындағы мақалаларда да сынға ұшырады. «Жер қойнауы — геометриялық кеңістік», «жер қойнауы — негізі ел аумағы болып табылатын конус, ал шыңы — жер сфероидінің орталығы» және т.б. сияқты анықтамалардың пайда болуы «жер қойнауы» ұғымын анықтауға дұрыс емес әдіснамалық тәсілдің нәтижесі ретінде танылды [26].

Бұл мәселеге терең үңілмей, біз бұл мәселені шешуде заңнамалық құрылымның жасандылығына назар аударғымыз келеді.

Шамамен 1900-1920 жылдар, жер беті мен, жер қойнауы түсінігіне қатысты олардың қай жерде басталып қай жерде аяқталады деген сұраққа қатысты келесідей түсінікке келіп, заңгер А.Л. Борисовский жердің «жер қойнауынан» «бетінің» айырмашылығының сыртқы белгісі жоқ екенін мойындады, өйткені жер беті аяқталатын және жер қойнауы басталатын тереңдікті анықтау мүмкін емес. Қалыптасқан қатынастарды талдауға сүйене отырып, автор келесідей ойға келеді «мен оның бетін ғана қолданамын, ол оған қаншалықты терең еңсе де, мен жердің тіршілігін ысырап етпестен жер үшін алатын артықшылықтарымды ысырап еткенде жердің қойнауын қолданамын. Ол үшін топырақты толтырудың қажеті жоқ» [27].

Елімізде жерасты құрылыстары мұнай мен газды сақтау, радиоактивті қалдықтарды, зиянды заттар мен сарқынды суларды көму, заң жүзінде жер асты пайдалану объектісі болып табылады (ҚР ЖҚ және ЖҚП кодексінің 10 – бабының 1-бөлігі 3-тармақшасы).

Көрсетілген жағдайларда жер қойнауын пайдалану құқығының туындауының негізі лицензия болып табылады. Сонымен қатар одан бөлек жерасты құрылыстарын салу кезінде тиісті лицензия талап етілмейді.

Кеңестік заң әдебиеттерінде жер бетін тереңдету құқығы жер пайдаланушылардың өкілеттіктеріне кіреді деген көзқарас та айтылды. Сонымен, Б.В. Ерофеев келесідей пікірде болды: «жер пайдаланушының өзіне

берілген жер учаскесін кез келген тыйым салынбаған тәсілмен пайдалануға құқығы бар. Сондықтан жерді пайдалану құқығын тек жер учаскесінің бетімен шектеу дұрыс емес. Жерді ауылшаруашылық және, әсіресе, ауылшаруашылық емес пайдалану әрдайым жер бетінің тереңдеуімен байланысты болуы мүмкін» [25].

Жоғарыда айтылғандарға байланысты «жерқойнауы» түсінігіне нақты пікір қалдырса, геометриялық көзқарас негізсіз және жер қойнауы мен жер учаскелеріне құқықтарды байланыстыруға мүмкіндік бермейтіне келеміз. Осы негіздерде бұл түсінікті пайдалану қажет емес. Осы ретте, заң шығарушының бұл тәсілі, сот қателіктерінің негізі себепшісі болуына мүмкіндіктер алып келеді. Мысалы, ретінде Жоғарғы Соттың веб-сайтында жарияланған және жер асты қуат кабельдерін төсеу сервитуты жер учаскесіне сервитут ретінде жарамды болғанымен, мұндай кабельдерді топырақ қабатына төсеу ақылға қонымсыз болды [28]. Сонымен қатар, біз бұл жағдайда жерасты қуат кабелін төсеу құқығы жер учаскесіне құқықтан туындамайтынын және жер қойнауына қатысты екенін мойындаймыз. Жер учаскесінің иесі үшін топырақ қабатының астындағы кеңістіктің бұл түрін пайдалану жеручаскесінің құқығына жатқызылуы керек.

Әр түрлі келісімшарттар бойынша екі немесе одан да көп жер қойнауын пайдаланушылар бір келісімшарттық аумақ шегінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізген жағдайда, келісімшарттық аумақ шегінде жұмыстарды жүргізу тәртібі осындай жер қойнауын пайдаланушылар арасындағы келісіммен айқындалады.

Егер бір келісімшарттық аумақ шегінде әртүрлі келісімшарттар бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар осы мәселе бойынша келісімге келе алмаған жағдайда, құзыретті органмен жасалған келісімшарт бойынша пайдалы қазбаларды барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының келісімшарттық аумақта жұмыстар жүргізу тәртібін белгілеу құқығы болады.

Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдарымен жасалған келісімшарт бойынша КТПҚ барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органмен жасалған келісімшарт бойынша пайдалы қазбаларды барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы белгілеген келісімшарттық аумақта жұмыстар жүргізу тәртібін сақтауға міндетті.

Жоғарыда айтылғандардан бір келісімшарттық учаскеде жер қойнауын пайдалануға екі немесе одан да көп құқықтар белгіленген кезде, қолданыстағы заңнамаға сәйкес, әр тұлға жеке немесе заңды болсын меншігін тану қажеттілігі туындайды. Осы ретте, тұлғамен өз еркінде меншігіне иелік ету қосарласқан құқықтарда өзге тұлғаның құқықтарын шекеуге әкеледі. Осылайша, қазақстандық ғылыми әдебиеттерде жер асты пайдалану құқығы меншік болып табылады деген көзқарас бірнеше реткөрсетілді [29]. Нақты билік категориясын (иелену және пайдалану) жер асты пайдалану құқығын анықтау заңнамалық

құрылым деп танылған осы құқықтың субъективті - құқықтық сипаты туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, ҚР АҚ тікелей меншікті жер асты пайдалану құқығын атайды (541-баптың 2-тармағы).

Құқықтық доктринада мүліктік құқықтар ұғымын және олардың түрлерін анықтауға кең және тар көзқарас бар. М.К. Сүлейменов кең көзқарастың жақтаушысы болып табылғанмен, заттық құқықтың оны затпен байланысты Міндеттемелік құқықтан ажырататын келесі белгілерін тұжырымдады:

- 1) мүліктік құқық;
- 2) объект жеке анықталған зат болып табылады;
- 3) абсолютті құқық;
- 4) ерекше, заттық-құқықтық құқықтардың көмегімен барлығынан және әрқайсысынан ерекше қорғау құралдарына ие;
- 5) заңда белгіленуге тиіс;
- 6) ол иелену және/немесе пайдалану және/немесе билік ету құқығының болуымен сипатталады;
- 7) өту құқығы;
- 8) басым әрекет ету құқығы;
- 9) басқа мүліктік құқықтардың иесін немесе объектісін шектеу құқығы.

[29].

Сонымен бірге, барлық қазақстандық авторлар заттық құқықтардың белгілері мен тізбесін анықтауда осындай кең көзқараспен бөліспейді.

Мәселен, А.Г. Диденко заттық құқықтардың біліктілік белгілеріне мыналар жатады:

- 1) қатынастардың ұзақ мерзімділігі;
- 2) меншік иесінің немесе заң шығарушының ерік-жігерін меншік иесі үшін ерекше шектеулер мен құқықтар берілетін тұлға үшін ерекше артықшылықтар жасауға жіберу;

3) билік пен мүліктік қатынастар субъектісіне меншік иесінің мәртебесіне барынша жақын мәртебе беруге міндетті. Осыған байланысты авторлар і жерді пайдалану құқықтарының мерзімдеріне де көңіл аударып, табиғатын ажыратады [30].

С.В. Скрябиннің пікірінше, меншік құқығы болып табылады "...заңмен және басқа адамдардың құқықтарымен шектелмегендіктен, оларға тиесілі заттарға үстемдік ету, билік ету құқығы субъектілерінің заңды түрде қамтамасыз етілген мүмкіндігі [31].

Автор Мүліктік құқықтың екі доктриналық анықтамасы бірдей дерлік ерекшеліктермен сипатталатынын мойындайды. Бұдан әрі, еңбек иесі біріншіні субъективті меншік деп, яғни рұқсат етілген субъектінің жеке анықталатын нәрсесі деген ұйғарымға келеді.

Жалпы заңнамада, құқық түсінігінде бұған сыни көзбен қараған дұрыс және көбіне-көп бұл түсінік сынға ұшырапта жатады. Осыған байланысты әлеуметтік қатынастарға келсек мүлікпен адамдардың арасындағы қарым-қатынасты бөліп, аражігін ажырата білген дұрыс.

Бұл ретте тұлға мен объект арасындағы құқықтық қатынасты реттеуде

келесідей пікірге келеміз, а) ол қоғам тарапынан танылуы тиіс және б) ол нақты объектіге бағытталуы қажет. Соңғысы меншікпен міндеттердің құқықтарымен құқықтық қатынастарын шектеу үшін маңызды [32].

Жалпы мәселені шешудің бірден-бір тәсілі олар құқықтық қатынасты реттейтін ұғымдар мен сипаттамалардың түсінігі нақты және қолдануы бойынша барынша түсінікті болуы тиіс. Ол жекелеген түрде мүдделер қақтығысының алдын алып, меншік құқығын танып отырып, объектіні (объектінің бір бөлігін) басқалардың иеленуін болдырмауға негізделуі қажет.

Бұл нақты жер асты пайдаланудың құқықтық қатынастары туралы.

Осы ретте, белгілі бір келісімшарттық аумақта бір немесе бірнеше жер қойнауын пайдалану құқығының болуы кейбір жағдайларда негізді деп пайымдауға болады және мұндай мүмкіндікті қажетсіз деп тануға болмайды.

Дегенмен осы тұста, келесідей мәселе туындайды. Жалпы жылжымайтын мүлікке иелік етуді жүзеге асырудың қалданыстағы заңнама түсінігінде «меншік» ұғымын ескере отырып, өзге тұлғалармен бір жер қойнауы учаскесін бөлек иеленуі мүмкіндігінің жоқтығында. Бұл түсінікте иемдену және меншік иесі құқықтарының заңды тетіктеріне қарама-қайшылықтарға алып келеді.

Жалпы баяндай келе, жер қойнауын пайдалану құқығын анықтаудың өзі меншік құқығының тұжырымдамасына қайшы келетіндігін және қайта қарауды қажет ететіндігін көреміз. Бұл проблемалаға қатысты бірден-бір шешім әрине ол жер қойнауын пайдалану құқығын шектеулі меншік құқығы деп тану болып табылады.

Зерттеу әдістері

Магистрлік жоба тақырыбын зерттеу аясында сандық және сапалық және ғылыми әдістер қолданылды.

Мысал ретінде: үстел зерттеу әдісі, дереккөздер мен басылымдардың мазмұнын талдау. Жағдайды талдау үшін, ЖҚБ-ның аналитикалық есептері зерделенді, сонымен қатар жер қойнауын пайдалану субъектілерінің жылдық есептері қаралды.

Алғашқы ақпаратты өңдеу үшін, жалпы ғылыми талдау және синтез әдістері, экономикалық-статистикалық және есептеу-конструктивті зерттеу әдістері қолданылды.

Зерттеу барысында нақтылауды қажет ететін, мемлекеттің кейбір активтерінің жай-күйі туралы, сондай-ақ құпия ақпаратқа жататын ақпараттар пайдаланылды.

Жер қойнауын пайдалану субъектілерінің 2018-2021 жылдарға арналған қызметінің деректері зерделенді, ЛКН бойынша міндеттемелердің орындалу нәтижелері қаралды және олардың негізінде тиімділікті бағалау жүргізілді.

Талдау және зерттеу нәтижелері

Маңғыстау облысына шолу жүргізсек, облыс еліміздің оңтүстік-батыс бөлігінде, Каспий теңізінің шығысында Маңғышлақ (Маңғыстау) үстіртінде орналасқан, Атырау, Ақтөбе облыстарымен, Ресей Федерациясымен теңіз арқылы және Түрікменстанмен Өзбекстан құрамындағы Қарақалпақстан Республикасымен шектеседі.

Маңғыстау облысының көлемі 165,6 км² (республика территориясының 6,1%, Еліміздің облыстары ішінде 7 орында).

Облыс құрамына аудандық маңызы бар 3 қала, 5 аудан, 37 ауылдық округ, 59 ауылдық елді мекендер кіреді.

Облыс халқының саны 2022 жылдың 1 қазанына 761,4 мың адамды құрады. Облыста қолайлы демографиялық жағдай қалыптасқан: 30 жыл ішінде облыстағы халық санының өсімі 225% құрады (1992 жылы – 338,8 мың адам).

Облыстың негізгі су ресурсы – облысты батыстан шайып жатқан Каспий теңізі, мұнда Ақтау және Құрық теңіз порттары, сондай-ақ «Кендірлі» санаториялық-сауықтыру кешені мен көп салалы туристік нысандар орналасқан.

Агроөнеркәсіптік кешен саласында 2025 жылға дейін 15-ке жуық әлеуметтік маңызы бар жоба (астық терминалы, құс фабрикасы, азық-түлік қоймасы, сүт фермасы және т.б.) жүзеге асырылатын болады. 3 мыңға жуық шаруаны кешенді қолдау шараларымен қамту жоспарлануда.

Облыс аумағы арқылы Шығыс Еуропаны Орталық Азиямен және Солтүстік Еуропаны Парсы шығанағы елдерімен байланыстыратын ТРАСЕКА және «Солтүстік-Оңтүстік» екі халықаралық көлік дәлізі өтеді.


Сондай-ақ облыс аумағы арқылы ұзындығы 150 шақырым, айдалатын мұнай көлемі – 9 миллион тонна Ақтау – Жетібай – Өзен мұнай құбыры өтеді.

Өңірдегі мұнай, газ, фосфорит, көмір, марганец, әртүрлі тұздар, ұлутастардың қомақты қорларына байланысты облыс өнеркәсіптік аймақ болып табылады. Экономикасының негізін мұнай-газ секторы құрайды, облыста 60-тан астам мұнай және газ кен орындары барланған, кен орындарының басым бөлігі Жаңаөзен қаласы ауданында және Бозашы түбегінде шоғырланған, Қазақстан мұнайының шамамен 23%-ы аймақта өндіріледі.

2025 жылға қарай жұмыс істеп тұрған ірі кен орындарына іргелес жатқан кен орындарында қосымша барлау жұмыстарын жүргізуге байланысты облыста мұнай өндіруді 17,5 млн тоннаға дейін арттыру жоспарлануда (2020 жылы – 16,62 млн тонна, 2021 жылы – 16,74 млн тонна).

Өнеркәсіп құрылымында негізгі үлесті тау-кен өнеркәсібі мен карьерлерді қазу алады, саланың үлесі шамамен 85% құрайды.

2021 жылы Қазақстан экономикасына 24 миллиард доллар тікелей инвестиция құйылды. Ал олардың үштен бір бөлігі ғана мұнай-газ секторында, 2021 жылдың соңында мұнайдың құрамдас бөлігі 33%-дан аспайды. Сонымен қатар, тау-кен өнеркәсібі бұрынғысынша жалпы салалық құрылымда үстемдік етеді, ол барлық ТШИ-нің 41%-ға дейінін құрайды.




2020 жыл

- Алматы қаласы – 5,0 млрд.
- Атырау облысы – 5,5 млрд.
- ШҚО – 2,0 млрд.
- Ақтөбе облысы – 0,4 млрд.
- БҚО – 1,1 млрд.
- Астана – 0,6 млрд.
- Өзгелер – 2,5 млрд.

1-сурет – 2020 жылдағы өңірлер бойынша тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы ағынының құрылымы өңірлер бойынша тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы ағынының құрылымы. АҚШ доллары.

Ескертпе – автормен [37] дереккөз негізінде құрастырылған



2021 жыл

- Алматы қаласы – 6,8 млрд.
- Атырау облысы – 5,6 млрд.
- ШҚО – 2,4 млрд.
- Ақтөбе облысы – 1,3 млрд.
- БҚО – 1,0 млрд.
- Астана – 1,0 млрд.
- Өзгелер – 5,5 млрд.

2-сурет – 2021 жылдағы өңірлер бойынша тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы ағынының құрылымы өңірлер бойынша тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы ағынының құрылымы. АҚШ доллары.

Ескертпе – автормен [37] дереккөз негізінде құрастырылған.

Қазақстан Республикасының Президенті тарапынан тау-кен өндірісінің тиімділігін арттырып, бәсекелестік нарықтық ортаға бейімдеуге бағытталған шаралар алу, игерілмей жатқан кен орындарын мемлекетке қайтарып, тиімді пайдалану қажеттігі жөнінде бірнеше рет аталып өткен болатын. Бұл жағдай КТПҚ кен орындарына да толықтай қатысы бар.

Қазіргі кезде облыс аумағында 271 жер қойнауын пайдалану құқына келісімшарттар мен лицензиялар тіркелген [1].



3-сурет – Облыста кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану туралы.

Ескертпе – автормен [1] дереккөз негізінде құрастырылған.

Оның ішінде 37 Келісімшарт пен лицензия, банкроттық, жер учаскелерін барлауға ресімдеуге байланысты өндіру тоқтатылды. 221 карьердің жұмыс жүргізуге барлық мүмкіндіктері бар, бірақ 2020 жылға есептеулер бойынша олардың 103-де тау-кенжұмыстары мүлдем жүргізілмеген (бірақ салық және басқа төлемдерін төлеп отыр) [1].



4-сурет – Облыста кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану туралы.

Ескертпе – автормен [1] дереккөз негізінде құрастырылған.

Жер қойнауын пайдаланушының келісімшарттық міндеттемелері 123-і 0-30% аралығында, 20-сы 30-60% аралығында, 62-сі 60% және одан жоғары орындап отыр [1].

2020 ЖЫЛҒА КЕЛІСІМШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР БОЙЫНША

| Міндеттеме | Бейнеу | | | Қаракия | | | Манғыстау | | | Мұнайлы | | | Тұпқараған | | |
|--|---------|--------|------|---------|--------|------|-----------|--------|------|---------|--------|------|------------|---------|------|
| | Жоспар | Орын. | % | Жоспар | Орын. | % | Жоспар | Орын. | % | Жоспар | Орын. | % | Жоспар | Орын. | % |
| Өндіру көлемі, мың м3 | 3219,5 | 595 | 18,5 | 1787,6 | 359,5 | 20,1 | 5766,5 | 685,3 | 11,8 | 810,1 | 204,5 | 25,2 | 2 587,6 | 858,3 | 33,1 |
| Қазақстандық кадрларды оқыту, мың тг | 8456 | 2558 | 30 | 14184 | 2706,4 | 19 | 43075,4 | 6072 | 14 | 4511,6 | 393,5 | 9 | 8 724,1 | 2342,4 | 27 |
| Өнердің әлеуметтік-экономикалық дамуына арналған шығыстар, мың тг | 15280,2 | 13417 | 87 | 22977 | 7740,2 | 34 | 67811 | 47686 | 69 | 10418,4 | 1856,5 | 17,8 | 20222 | 10305,8 | 51 |
| Тарату қоры, мың тг | 6180,6 | 1003,7 | 16 | 4776 | 973,6 | 20 | 6 994 | 1714 | 24 | 825,2 | 120 | 13 | 2336,2 | 284,2 | 12 |
| Сақтандыру, мың тг | 3220,3 | 312 | 9,6 | 4981,7 | 326,5 | 6,5 | 6 374,9 | 1206,8 | 19 | 272,1 | 25,1 | 9,2 | 2325,6 | 623 | 27 |

5- сурет – 2020 жылға келісімшарттық міндеттемелер бойынша.

Ескертпе – автормен [1] дереккөз негізінде құрастырылған.

Келісімшарттық міндеттемелерді тиісті деңгейде орындамаған барлық жер қойнауын пайдаланушыларға хабарлама жолданды. Мониторинг қорытындысымен, қазіргі барысында жер қойнауын пайдалануға арналған 53 келісім шартты міндеттемелерін орындамағаны үшін бұзуға ұсынылған [1].

Маңғыстау облысының келісім шарттарының басым көпшілігі, яғни 111-і кеспелі құрылыс тасын өндіруге жасақталған.

Құрылыстық әк тасы 4001-84 Мемлекеттік стандартына сәйкес ерекше табиғи құрылыс материалы болып табылады. Бұл құрылыс материалының 86% Маңғыстау облысында орналасқан, сондықтан Республика аумағында тек қана біздің облыста өндіріледі [1].



6-сурет – Кәсіпорындардың балансындағы пайдалы қазбалар қоры. Ескертпе – автормен [1] дереккөз негізінде құрастырылған.

Әктас-ұлу тасының ірі кен орындары Бейнеу, Жетібай және Қарамандыбас кен орындарында шоғырланған. Ал құрылыс тасының (щебень) кен орындары Таушық, Шетпе кен орындарында шоғырланған [1].



7-сурет – Облыста кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған кен орындардың орналасу картасы.

Ескертпе – автормен ашық дереккөздерден алынған.

Соның ішінде кеспе әктас пен щебень кен орындары елді мекендерге жақын орналасқан, құм қиыршық тас қоспасы мен құм кен орындары мұнай кен орындары аумағында, шой тастар кен орны Форт-Шевченко қаласы маңында орналасқан [1].

Жетібай кен орындарының өнімдері негізінен Ақтау қаласы мен қала маңының сұранысын қамтуға, Қарамандыбас Жаңаөзен мен Ақтау қаласына арналса, Бейнеу кен орнының өнімінің 95%-дайы облыстан тысқа, яғни Атырау, Ақтөбе және Қызылорда облыстарына тасымалдануда.

Маңғыстау облысындағы Шетпе елді мекеніндегі құрылыс тастар карьерлері өңірдің инженерлік және логистикалық қажеттіліктерін жабу үшін үшін шамамен жарты ғасыр бұрын басталған.

Кен орнын қарқынды игеру соңғы 10-12 жыл республикалық деңгейдегі Бейнеу-Ақтау, Ақтау-Жаңаөзен автомобиль жолдарының құрылысымен, өңірдің құрылыс саласын дамумен байланысты. Карьерлерді қарқынды игерудің нәтижесі – шаң тозаң көбеюіне, инертті материалдарды өндіру кезіндегі тау-

жыныстарын жару жиілігіне әкеледі.

Өз кезегінде экологиялық және технологиялық талаптардың толық сақталмуы шаңмен жарылыстар көбеюі ауыл тұрғындары үшін қолайсыз жағдай туғызатыны, мүдделер қақтығысна әкелетіні белгілі.

Осыған байланысты, 2020 жылдың басынан бастап Маңғыстау облысы мен Маңғыстау ауданы әкімдігі карьерлерді пайдалануды реттейтін мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жүргізілетін әзірлемелердің алдын алуға, сондай-ақ шаңның әсерін азайтуға бағытталған шаралар қабылдады.

Қазіргі кезде, жалпы өнімнің ұлғаюы байқалғанмен, құрылыс тасына сұраныс соңғы жылдары азайып кеткен. Оның өсуі құм мен қиыршық тас саласында байқалады, бұл көрсеткіш облысымыздағы соңғы жылдардағы ірі темір және тас жолдар құрылысымен байланысты.

Жер қойнауын пайдалану арнайы келісімшарт және лицензия негізінде жүргізіледі. Модельдік келісімшарт пен жұмыс бағдарламасы (келісімшартқа қосымша)

Келісімшарт бойынша өндіріске тартылатын жұмысшылар саны жоспар бойынша 1612 адам болса, нақты орындалысы 1290 адам яғни 80%; Негізінен жергілікті тұрғындар жұмыстың ауырлығына және жалақының аздығы себепті карьерлерге жұмысқа барудан бас тартады. Жұмыссыздық мәселесінің өзектілігіне байланысты, басқарма жер қойнауын пайдаланушылардан жұмысшылардың қажеттілігі туралы ішінара мәлімет жинаған болатын. Алдын-ала мәліметке сәйкес, карьерлер 200-ге жуық адамды 100-250 мың теңге аралығында айлықпен жұмысқа қабылдау мүмкіндігі бар екенін мәлімдеді.

Қазақстан азаматтары болып табылатын қызметкерлерді оқыту және қайта дайындауды қаржыландыру міндеттемесі 17,7% орындалып отыр, бұл көрсеткішке өндіруге қатысты жоспардың орындалмауы кері әсерін тигізуде. Сонымен бірге, біздің өңірде ең қажетті мамандықтардың бірі-тас кесетін комбайнерлерді дайындайтын курстардың жоқтығын да атап өткен жөн.

Аймақтың әлеуметтік-экономикалық және инфраструктурасының дамуына бағытталған төлемдер жоспар бойынша 136 865 мың теңге, орындалысы 81 005,5 мың теңгені, яғни 60% пайызын құрап отыр.

2020 жылғы келісімшарттық міндеттемелердің орындалуын бақылау бойынша 205 жер қойнауын пайдаланушыларға келісімшарттың кейбір талаптарының орындалмауына байланысты ескертулер жіберілді. Қазіргі таңда, келісімшарттық талаптарды орындамағаны үшін жер қойнауын пайдаланушыларды сотқа талап арыз беру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Кесте 2 - Соңғы 5 жылда КТПҚ өндіру динамикасы

| № | КТПҚ / жылдар | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 | 2020 |
|---|---------------------------------------|----------------|-----------------|----------------|-----------------|----------------|
| 1 | Әк тас (ізбесті)- ұлу тас | 1 029,2 | 926,7 | 935,6 | 984,2 | 1 047,6 |
| 2 | Шой тас | 126,01 | 65,0 | 196,1 | 196,04 | 177 |
| 3 | Құм-қиыршық тас қоспасы | 1 655,7 | 1 707,1 | 1 717,8 | 1 972,2 | 1 106,7 |
| 4 | Құрылыс тас | 1 058,8 | 1 220,5 | 1 688,1 | 1 148,6 | 410,4 |
| | БАРЛЫҒЫ, мың м³ | 3 869,7 | 3 919,30 | 4 510,6 | 4 301,04 | 2 741,7 |
| Ескертпе – автормен [1] дереккөз негізінде құрастырылған. | | | | | | |

Соңғы бес жылдағы кен өндіру динамикасына көз салсақ, кен өндірудің көлемі 2016 жылы артқан, соңғы жылдары жалпы әлемдегі қаржылық дағдарыс салдарынан, 2017-2018 жылдан бастап өндіру көлемінің төмендеуі байқалып, 2019 жылдан бастап ұлғаюы байқалады, яғни, әк тас (ізбесті)-ұлу тас тасты өндіру жұмыстары қайта жаңғыруда. Құм қиыршық тас қоспасын және құм өндіру көлемі аймағымыздағы жол құрылыстарына байланысты ұлғаюда.

Жер қойнауын пайдаланушы өзіне берілген жер қойнауы учаскесінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жоюға міндетті. [1].

ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ САЛДАРЫН ЖОЮҒА (РЕКУЛЬТИВАЦИЯ) ҚАТЫСТЫ



8-сурет – Облыста жер қойнауын пайдаланудан туындаған антропогендік әсерлер сондай-ақ, салдарын жоюға қатысты.

Ескертпе – автормен тағылымдамадан өту барысында түсірілген суреттер негізінде жасақталған.

Жалпы соңғы үш жылда 32 жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылып, олар туралы мәліметтер аудандық/қалалық жер қатынастары бөлімдеріне, Маңғыстау облысы бойынша жер ресурстарын басқару департаментіне, Экология департаментіне, Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына құзыреттері шегінде тиісті шаралар алу үшін жолданды. Одан бөлек жер қойнауын пайдаланушылардың өздеріне де бірқатар хабарламалар жолданды. Сонымен қатар, жер пайдалану құқығын беру туралы қаулыда да жерді қалпына келтіру (рекультивация) жобасын жұмыс бастағанға дейін жасақтау міндеті көрсетілген [1].

Ішінара басқармамен және аудандық жер бөлімдерімен жерді қайта қалпына келтіру жұмыстарын қабылдау жүргізілді. Мысалы, 2021 жылдың желтоқсан айында «Теңіз Сервис» ЖШС-нің Түпқараған ауданындағы жер қойнауын пайдалану кеңістігін пайдалануға арналған жер учаскесін жою жөніндегі жұмыс нәтижелерін қабылдау жөніндегі комиссиясы құрылып, жері қабылдап алынды. Жалпы, жерді қалпына келтіру жұмыстары, пайдалы қазбалар

қалдық қорының болуына, кейбір жер қойнауын пайдаланушылардың сотқа жүгінуіне байланысты баяу жүргізілуде.

Атап өтетін жағдай, ауылдарға жақын орналасқан карьерлер бойынша экологиялық мәселелер, соның ішінде шаң мәселесі орын алуда.

Шетпе ауылы маңында орналасқан карьерлер бойынша 2019 жылғы 5 шілдеден бастап тиісті құзіретті органдар мен жер қойнауын пайдаланушыларға табиғатты қорғау шаралары, шаңды басу, қатқыл табанды жол төсеу бойынша нақты ұсыныстар берілген болатын. Аталған ұсыныстар орындалған жоқ.

Сонымен қатар, шалпы өндірудің тиімді ұсыныстарын зерделей келе, Интернет кеңістігінен **шет ел тәжірибелері бойынша бірқатар материалдары қаралды.**

Кеніш атмосферасының ластану мәселесінде шетелдік ғалымдардың еңбектерінде кеніштердегі жұмыстар кезінде шаң бөлінуді төмендету мәселесі ерекше мәнге ие.

Зерттеулер қорытындысы бойынша, егер шаң айына бір гектар жерге 58 кг-нан артық түссе, бұл сол жердегі тіршілік иелерінің, өсімдіктерді қоса алғанда, өмірлеріне айтарлықтай әсер етеді. Шаңның 10 микрондық тозаңдарының көбеюі тыныс, жүрек-қан тамырлары органдары мен рак ауруларының 7-8% дейін ұлғаюына алып келеді.

Аталған мәселені зерттеу кезінде, шаңның шығатын ошақтары болып, бірінші кезекте жел топырақ эрозиясы (19%), тасымал кезіндегі жолдар (52%), сонымен бірге құрылыс, жарылыс, уату-сұрыптау жұмыстары болып табылған.

Шет ел тәжірибелері кеніштердегі шаңды негізгі төмендету тәсілдері ретінде тау массасын суару, алдын ала ылғалдандыру, сумен тұмандандыру әдістері екендігін көрсетіп отыр [1].



9-сурет – Су арқылы шаңды басу.

Ескертпе – автормен ашық дереккөздерден алынған.

Кен орындарын ашық әдіспен өңдеуде автосамосвалдың шасси базасындағы суаруға қажетті қондырғылар, саптамалы гидромонитордың қолданылу тәжірибелері өз әсерін тигізетіндігі;

Тау массасының 4-17 пайыз ылғалдылыққа жетуі түрлі жынысты төгінділер үшін шаң бөлінуді төмендететіні байқалады.

Аталған әдістің кемшілігі, техника мен жұмысшыларға арналған шығындардың көптігі, су тасымалы, су тапшылығы, тиімсіздігі, қысқа мерзімдігі.

Сонымен бірге жолдардағы, ашық алаңдардағы шаңды басуда **инновациалық (химиялық) әдіс қолданылады.**

Бұл әдіс негізінен жолдарға қолданады, топырақты тұрақтандыруға немесе бекітуге арналған ертінділер, ұнтақтарды жолға себу арқылы жүргізіледі.

Химиялық реагенттер, ертінділер, ұнтақтар жолдардың беткі топырақ қабатын бекітіп, шаң шықпайтын қатты қабыршақты қалыптастыратындығы баяндалады. Бұл жерге асфальт төсеуді қажет етпейдіндігі және жол салу шығындарын біраз арзандататындығы жөнінде мәліметтер бар.

Химиялық реагенттер, ертінділер, ұнтақтар атаулары слайдта көрсетілген.

Уату-сұрыптау құрылғыларына герметикалық қораптар, кожухтар, шатырлар орнату ленталық транспортерлардағы шаңды болдырмауға айтарлықтай әсерін тигізеді [1].



10-сурет – қораптар, кожухтар үлгілері.

Ескертпе – автормен ашық дереккөздерден алынған.

ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАРДЫ ӨНДІРУ ЖӘНЕ ӨНДЕУ КЕЗІНДЕ ШАҢНАН ҚОРҒАУ



ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАРДЫ ӨНДІРУ ЖӘНЕ ӨНДЕУ КЕЗІНДЕ ШАҢНАН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

Авторы: Эндрю Секада
Пайдалы қазбаларды өндіру кезіндегі қауіпсіздік және санитария саласындағы зерттеулер басқару (Office of Mine Safety and Health Research);
Питтсбург, Пенсильвания - Спокан, Вашингтон;

Қаңтар 2012

11-сурет – Пайдалы қазбаларды өндіру және өңдеу кезінде шаңнан қорғау. Ескертпе – автормен ашық дереккөздерден алынған.

Сонымен қатар, жер қойнауын пайдаланушыларды толғандыратын өзекті мәселелерде бар екенін де атап өту керек. Олар:

- 1) Кен орындардағы ауыр жұмыстарға жұмысшылардың жетіспеуі;
- 2) Ауыр салмақты (20-25 тонн) жүк машиналарымен жүк тасымалдаудағы шектеу, осының салдарынан жүк машиналары толықтай пайдаланылмайды, тастың өзіндік құны артып, кәсіпкерлерге де, тұтынушыларға да белгілі бір шығындар әкелуде;
- 3) Темір жол тасымалының қымбаттығы, Бейнеуде бір вагон тас 84 мың теңге болса, Ақтөбеге дейін темір жол шығыны 168 мың теңгені, Атырауға дейін 109 мың теңгені құрап, тастың 2 есеге дейін қымбаттауына әкеліп соғуда. Осыған байланысты Бейнеу кен орнындағы кәсіпкерлер тасымалды субсидиялау мәселесін қозғауда.
